

**С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы білім беретін мектепте  
өткізілген 1қыркүйек- Білім күніне арналған іс-шараға  
САРАПТАМА**

С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектепте 1қыркүйек- Білім күніне арналған «БІЛІМГЕ ҰМТЫЛУ, ЕҢБЕКСҮЙГІШТІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ» салтанатты мерекелік іс-шара болып өтті. Мерекелік іс-шараға барлық сынып оқушылары, үйде оқытылатын және ерекше білім беретін оқушыларда ата-аналарымен қатысты.

Мерекелік жиынға Қарулы Күштер Ардагерлер Республикалық қоғамдық бірлестігінің Шымкент қаласы бойынша филиал төрағасының орынбасары, полковник Елубаев Қуатбек, Ата аналар комитетінің төрағасы Оспанов Әмзе, Қаратау аудандық полиция басқармасының тергеушісі Қақарман Бекзат Әбілқасымұлы және мектеп директоры Усманов Бегмат Нұралыұлы қатысып, өз тілектерін білдіріп, бүлдіршіндерге батасын берді.

1 қыркүйек- Білім күніне арналған іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

**ҰСТАЗДАР МЕРЕКЕСІНЕ АРНАЛҒАН  
"ҰСТАЗ БАҚЫТЫ- ШӘКІРТІ ҚҰРМЕТІ" МЕРЕКЕЛІК ІС-  
ШАРАҒА САРАПТАМА**

«С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі» ШЖҚ МКК –да Ұстаздарына деген құрметін білдірген 11 сынып оқушылары 2022 жылдың 30 қыркүйек күні "ҰСТАЗ БАҚЫТЫ- ШӘКІРТІ ҚҰРМЕТІ" атты мерекелік кеш ұйымдастырып, керемет көңіл-күй сыйлады. Мерекелік кешке қадірлі қонақтарымыз ұлағатты ұстаз КӨМЕКБАЕВА БАЛХИЯ АБДИМАПҚЫЗЫ, ата- аналар кеңесінің төрағасы ОСПАНОВ ӘМЗЕ, Халықаралық деңгейдегі тренер МАТАЕВА САУЛЕ РОМАНОВНА және Түркістан облысы бойынша тәжірибе алмасу мақсатында келген мектеп басшылары қатысып, игі тілектерін білдірді. Іс- шара барысында мектеп директоры УСМАНОВ БЕГМАТ НҰРАЛЫҰЛЫ еңбегі еленген ұстаздарды марапаттап, мақтау қағаздарын, алғыс хаттар табыстады. Мерекелік кешті ұйымдастырған тәрбие бөліміне, мерекелік көңіл-күй сыйлаған 11 сынып оқушылары мен сынып жетекшілеріне мектеп басшысы алғыс білдірді. Мерекелік іс-шара жоғары деңгейде өткізілді.

---

**«С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектеп» ШЖҚ  
МКК-да 2022 жылдың 16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік  
күніне арналған «ӨНЕРІМ САҒАН, ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНЫМ!»  
атты іс-шара**

**САРАПТАМАСЫ**

С.Нұрмағамбетов атындағы № 72 жалпы орта білім беретін мектепте 16 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Іс шараға Қамқоршылық кеңесі, Ата-аналар кеңесі, ардагер ұстаздар, ата-аналар және мектеп мұғалімдері мен оқушылары қатысты. Мерекелік іс-шарада өз өнерлерін Тәуелсіздікке тарту еткен өнерлі ұстаздарымыз бен оқушыларымызға мың алғыс!

Елім, жұртым деп Ата-бабамыз армандап кеткен, Қазақстанымыздың жаңа белеске көтерілген Тәуелсіздік күні мерекесі баршаңызға құтты болсын! Көк туы желбіреген, мерейлі мемлекетімізде отбастарымыз аман болып, еліміздің дәулеті, жеріміздің сәулеті жолындағы игілікті істеріңіз табысты болсын. Мереке құтты болсын!

**«С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі» ШЖҚ  
МКК 20 қараша – Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған  
"БАЛА ҚҰҚЫҒЫ - АДАМ ҚҰҚЫҒЫ " атты Республикалық онкүндік  
барысында 8- сыныптар арасында «ӘР БАЛАНЫҢ ҚҰҚЫҒЫ БАР»  
суреттер көрмесіне**

## **САРАПТАМА**

20 қараша – Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған "БАЛА ҚҰҚЫҒЫ - АДАМ ҚҰҚЫҒЫ " атты Республикалық онкүндік барысында 8- сыныптар арасында «ӘР БАЛАНЫҢ ҚҰҚЫҒЫ БАР!» тақырыбында суреттер көрмесі ұйымдастырылды. Салауатты өмір салтын насихаттай отырып, табиғаттың адам баласына сыйлаған басты байлығы денсаулықты сақтаудың басты қағидалары: оқушыларды зиянды әдеттерден бойларын аулақ ұстауға, әлем дерті нашақорлық ауруынан сақтануға, оқушылардың бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға, денсаулықтың қадірін түсініп, сақтай білуге тәрбиелеу.

Нәтижесінде:

- 1- орын: 8 «Б» сынып оқушылары;
- 2- орын: 8 «А» сынып оқушылары;
- 3- орын: 8 «В» сынып оқушылары;

Ұйымдастырушылар Педагог-ұйымдастырушы: Г.Р.Тасходжаева және көркем еңбек пән мұғалімі И.Туртаев.

**«С.Нұрмағамбетов атындағы № 72 жалпы орта білім беретін мектебі» ШЖҚ МКК-да  
1 наурыз – Алғыс айту күні мерекесіне орай «Оқушы–Ата-ана және Сынып жетекші » арасында  
мектепшілік «АЛҒЫСЫМ ШЕКСІЗ ҰСТАЗ-АНА!» атты сайысқа  
САРАПТАМА**

«С.Нұрмағамбетов атындағы № 72 жалпы орта білім беретін мектебі» ШЖҚ МКК-да 1 наурыз – Алғыс айту күні мерекесіне орай «Оқушы–Ата-ана және Сынып жетекші » арасында мектепшілік «АЛҒЫСЫМ ШЕКСІЗ ҰСТАЗ-АНА!» атты сайыс ұйымдастырылды.

**Мақсаты:** Ұрпаққа тәлім-тәрбие беруде, білім сапасын жақсарту жолында, мектеп, ата-ана және оқушы Үштік Одақ болып, мектеп- отбасы – қоғам арасындағы ынтымақтастықты нығайту, серіктестікті қалыптастыру қауымдағы ата-аналармен бірлескен жұмысты көрсету.

Сайысқа 13 сыныптан, яғни 13 топ қатысып,,

4 кезең бойынша бақ сынасты.

- 8 «А» «Жауқазын» тобы

Оқушы: Холосбаева Айруза

Анасы: Нұрымбетова Бағила

Сынып жетекшісі: Алибекова Камшат

- 8 «Ә» «Қызғалдақ» тобы

Оқушы: Ислам Тоғжан

Анасы: Исламова Балжан

Сыныпжетекшісі: Құттынбетова Асел

- 8 «Б» «Болашақ» тобы

Оқушы: Жарылқасын Айнур

Анасы: Балғабаева Алтынқыз

Сыныпжетекшісі: Дайрабаева Халида

- 8 «В» «Алғыр» тобы

Нәби Алтынай

Анасы: Жапарова Гүлбану

Сынып жетекшісі: Даутбаева Балнур

- 8 «Г» «Қымбат» тобы

Ермекбай Адонай

Анасы: Кеттебекова Меруерт

Сынып жетекшісі: Жолдасова Роза

- 8 «Ғ» «Алғыс» тобы

Нажмиддинова Розана

Анасы: Қыдырбаева Назира

Сыныпжетекшісі: Тохаева Гүльбану

- 8 «Д» «Арнау» тобы

Умирбек Алия

Анасы: Боранбаева Меруерт

Сыныпжетекшісі: Баратова Салтанат

- 8 «Е» «Құрмет» тобы

Орынбасар Толғанай

Анасы: Жезмурзаева Гүлжахан

Сынып жетекшісі: Ділдәбек Ерасыл

- 8 «Ж» «Бірлік» тобы

Есімхан Қарақат

Анасы: Матжанова Арофат

Сыныпжетекшісі: Жолдасова Айзада

- 8 «З» «Арулар» тобы

Шилмирзаева Айдана

Анасы: Шилмирзаева Майра

Сынып жетекшісі: Бекбаева Ақшолпан

- 8 «И» «Достық» тобы

матова Арайлым  
Анасы: Муминова Асел  
Сынып жетекшісі: Мамыр Ноябрина

- 8 «К» «Наурыз» тобы

Тынышбек Ақмаржан

Анасы: Әбдіхалықова Айнур

Сынып жетекшісі: Накипбекова Айнур

- 8 «Қ» «Ақжүніс» тобы

Данияр Дария

Анасы: Өтен Нышанкүл

Сынып жетекшісі: Кауменова Айтолқын

Сайыс нәтижесінде:

- ± Бас жүлде: 8 «А» сынып
- ± I орын: 8 «Қ» сынып
- ± II орын: 8 «Д» сынып, 8 «Е» сынып
- ± III орын: 8 «Г» сынып, 8 «И» сынып

Мектеп әкімшілігі тарапынан сайысқа қатысып өз өнерлерін ортағасалған, қолдау көрсеткен ата-аналарға,  
сынып жетекшілерге және оқушыларға алғысын білдірді.

Ұйымдастырушылар: ТӘРБИЕ БӨЛІМІ, ҚББП САМБЕТОВА АЙГУЛ ТАЛҒАТҚЫЗЫ.

**«С.НҰРМАҒАМБЕТОВ АТЫНДАҒЫ №72 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП  
ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНДЕ ӨТКІЗІЛГЕН  
«КӨКТЕМ АРУЫ-2023» БАЙҚАУЫНА**

**САРАПТАМА**

Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты «Сағадат Нұрмағамбетов атындағы № 72 жалпы орта білім беретін мектебі» ШЖҚ МКК-да 8 наурыз – Халықаралық Аналар ,қыздар күні мерекесіне орай «Көктем аруы-2023» байқауы ұйымдастырылды.

**Мақсаты:** қыз балалардың жан дүниесіндегі көркемдік талғамын қалыптастыру ,қазақ халқының қыз-тәрбиелеусалт-дәстүріне байланысты әдептілікке, инабаттылыққа, ізеттілікке тәрбиелеу.

Сайысқа 10 сыныптан 10 ару қатысып, 5 кезең бойынша бақсынасты.

1. 10 «А» сынып аруы-Ерболқызы Нұрайым
2. 10 «Ә» сынып аруы-Ағабек Арай Құрбанбекқызы
3. 10 «Б» сынып аруы-Ануарова Назерке Рахымжанқызы
4. 10 «В» сынып аруы-Оңғар Аймерей Ескендрқызы
5. 10 «Г» сынып аруы-Сайлаубай Айымжан Ерханқызы
6. 10 «Ғ» сынып аруы-Тулен Амина Бауыржанқызы
7. 10 «Д» сынып аруы- Мансурхан Бақжан Ержанқызы
8. 10 «Е» сынып аруы- Мақұлбаева Ақмарал Есенқабылқызы
9. 10 «Ж» сынып аруы-Қалдыбай Айзере Сатбайқызы
10. 10 «З» сынып аруы-Амангелді Альбина Ерланқызы

«Көктем аруы-2023» байқауына төмендегі әділ-қазы алқасы төрелік етті.

1. Ардагер ұстаз, эстетика пәнінің мұғалімі Манкетбаева Мейіркүл апай;
2. Құдайбергенова Ақмарал Асанқызы-Түркістан облыстық Ы.Алтынсарин атындағы балалар кітапханасының директоры;
3. Гүлбақыт Тайжанқызы-Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
4. Гүлжан Қамысбекқызы-Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары;
5. Гүлнар Мақұлбекқызы-қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, бірлестік жетекшісі.

Сайыс нәтижесінде:

- ✦ Бас жүлде: 10 «В» сынып аруы Оңғар Аймерей Ескендрқызы
- ✦ I орын: 10 «Ә» сынып аруы Ағабек Арай Құрбанбекқызы
- ✦ II орын: 10 «Д» сынып аруы Мансурхан Бақжан Ержанқызы
- ✦ III орын: 10 «Е» сынып аруы Мақұлбаева Ақмарал Есенқабылқызы
- ✦ III орын: 10 «Ғ» сынып аруы Тулен Амина Бауыржанқызы

Әділ-қазы алқалары сайысқа қатысып өз өнерлерін жоғары деңгейде көрсете білген аруларымызға, ата-аналарына және сынып жетекшілеріне алғысын білдірді.

Ұйымдастырушылар: ТӘРБИЕ БӨЛІМІ, педагог-ұйымдастырушы Тасходжаева Гүлчехра Русланқызы

**«С.Нұрмағамбетов атындағы № 72 жалпы орта білім беретін мектебі» ШЖҚ МКК-да  
1 наурыз – Алғыс айту күні мерекесіне орай «АЛҒЫСЫМ ШЕКСІЗ» арасында мектепшілік  
«АЛҒЫСЫМ ШЕКСІЗ» атты сайысқа  
САРАПТАМА**

Сағадат Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектепте 1 наурыз– Алғыс айту күніне орай 11 сынып оқушыларының ұйымдастыруымен «Алғысым шексіз» атты мерекелік іс-шара болып өтті. Іс -шараға 11 сынып мектеп түлектерінің ата-аналары, мектеп ұстаздары және мектеп әкімшілігі қатысты. Оқушылар дүниеге әкелген ата-аналарына, білім, тәлім-тәрбие берген ұстаздарына және құрбы-құрдас достарына ризашылығын, зор алғыстарын білдірді.

Мерейлі мерекеде ұрпаққа тәлім беруде, білім сапасын жақсарту жолында, мектеп, ата-ана және оқушы үштік одақ болып, мектеп-отбасы – қоғам арасындағы ынтымақтастық тынығайту, серіктестікті қалыптастыру қауымдағы ата-аналармен бірлескен жұмысты көрсету мақсатында мектебімізде жүйеліде, маңызды жұмыстар атқарып келе жатқан ата-аналарға мектеп директорының Алғыс хаты табысталды.

Бүгінгі күн — нұрлық күн,

Жарықшашқан әлемге,

Ескеретін күн бүгін,

Ризашылық қой әр елде, демекші, 1 наурыз Алғыс айту мерекесімен баршаңызды құттықтаймыз.



«С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі» ШЖҚ  
МКК орай балалардың қауіпсіздігін қорғау мақсатында 20 сәуір мен 20  
мамыр күндері аралығында «МЕЙІРІМ ЖҮРЕКТЕН» атты атты айлықтың

## САРАПТАМА

2023 жылдың 25 мамыр күні С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектепте қалалық прокуратурасы Шымкент қалалық білім басқармасымен бірлескен «МЕЙІРІМ-ЖҮРЕКТЕН» атты айлықтың жабылу салтанаты болып өтті. Бір ай бойы жоспарға сәйкес мектеп ұстаздарының, сынып жетекшілер мен оқушылардың ұйымдастыруымен түрлі іс-шаралар, тәрбие сағаттары, түрлі челленджер жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Мектеп директоры Усманов Бегмат Нұралыұлы және қамқоршылық кеңес мүшесі Тиынбаев Жандос барлық ұстаздар қауымына және белсенділік танытқан оқушыларға алғыс айта отырып, әрбір өткізілген іс-шараларға қатысушы, үздік, белсенді оқушылар мен сынып жетекшілерді марапаттады. Мектебімізде ұжыммен бірге "Мейірім жүректен" атты жоспарлы айлықты жүзеге асырдық. Қаншама сынып сағаттары, байқаулар, челленджер т.б. бәрі тек балалар үшін, балалардың болашағы үшін ұйымдастырылды. Өйткені біздің қоғамымыз, болмасымыз мейірімге зәру. Ал біз осы ай ішінде сіздердің бойларыңызға мейірім, шапағат, қанағат, рақым сияқты ізгі қасиеттерді сіңірген болсақ, біз өз мақсатымызға жеттік. Мейірімді болайық! Қамқор болайық!

«С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі» ШЖҚ  
МКК 1-маусым Халықаралық балаларды қорғау күніне орай  
**«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН-ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ»** атты іс-шараға

## САРАПТАМА

«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН-ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ!» 1 маусым –  
Халықаралық балаларды қорғау күні.

С. Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін  
мектебінде балалар күніне орай концерттік бағдарлама өтті.  
Барлығыңызға ашық аспан, бейбіт өмір, сәбилерге бақытты  
балалық шақ, әрқашанда сыңғырлаған күлкі тілейміз. Әр  
уақытта дендері сау болып, Отанымыздың мақтанышы  
болуларына тілектеспіз! Жұртымыз, еліміз тыныш, деніміз сау,  
басымыз аман, жұмысымыз жемісті болсын!